

«Мектеп жанындағы интернатымен №8 орта мектебі»КММ



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

**Қазақ тілі мен әдебиет  
пәндері бірлестігінің  
жылдық есебі**

Бірлестік жетекшісі:

**Токтыбаева Гулим Рымхановна**

2022-2023 оқу жыл



## РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

### «Атбасар қаласының №8 жалпы білім беретін мектебі»ЖММ қазақ тілі мен әдебиет пәні әдістеме бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының қорытындысы

Әдістемелік бірлестікте 2-мұғалім жұмыс істейді.

1.Токтыбаева Гулим Рымханқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. Білімі: жоғары. Еңбек өтілімі: 34 жыл.

Санат дәрежесі:2019 жылы педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілді.

**Әдістемелік тақырыбы:** «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолданудың тиімді жолдары»

**Мақсаты:** Жаңа технологияны қолдана отырып оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

**Сабақ беретін сыныптарым:** 7 «А» , 8«А», 10«А»«Ә», 11 «А».

2.Қазымбек Индира Қуанышбайқызы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.Білімі: жоғары. Еңбек өтілімі: 17 жыл.

Санат дәрежесі: «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №242 бұйрығына сәйкес педагог-зерттеуші біліктілік санаты берілді.

**Әдістемелік тақырыбы:** “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту”.

**Мақсаты:** Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қасиеттерін шындай отырып, тіл байлықтары мен сөз саптау шеберліктерін дамыту.

**Сабақ беретін сыныптарым:** 5 «А», 9 «А»,«Ә», 11«Ә».

Қыркүйектің 5-і күні №8 орта мектебінде қыркүйек айының 5-16 аралығында аудан бойынша өтетін Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесінің онкүндігінің ашылу салтанаты өтті.Онкүндікті өткізудегі негізгі мақсат:Білім алушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімдерін арттыру,тіл мәртебесін көтеру,таза сөйлеуге үйрету,өз ұлтына,еліне деген сүйіспеншіліктерін ояту және басқа да халықтардың тілдерін құрметтеуге баулу.Мектеп оқушылары үш тілде өлеңдер оқып,Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына байланысты қойылған сұрақтарға жауап берді.





6-қыркүйек күні Ұлт ұстазы -Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, «Тіл-татулықтың тірегі» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.Сайыста 5-8 сынып оқушылары қазақ әдебиетінің көрнекті ақындарының өлеңдерін нақышына келтіре орысша,қазақша оқып,өз өнерлерін көрсетті.Сайыс нәтижесі онкүндіктің соңында қортындыланды.Тілдер онкүндігі аясында қыркүйектің 9-ы күні «Ана тілім-байлығым»атты эссе сайысы өтті.5-бсыныптар аралығында өткен аталмыш сайыс үш тілде өткізіліп,оқышылардың жұмыстары аудандық білім бөліміне тексерулерге жіберілді



Қыркүйек айының 8-і күні сағат 11.00 Атбасар қаласы №8жалпы білім беретін мектепте 10-11 сынып оқушылары арасында «Ахмет Байтұрсынұлы-дәуірдің дара тұлғасы»атты жалпықазақстандық диктант жазылды.Ұлы тұлғаның халыққа сіңірген еңбегін бағалап,мол мұрасын зерделеу бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы.





13 қыркүйекте «Тіл тағдыры-ел тағдыры» деген атпен 10-11 сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өтті. Оқушылар Қазақстан Республикасы президенті Қасымжомарт Тоқаевтың жолдауындағы көтерілген тіл мәселесін талқылап, өз ойларын ортаға салды.Өте қызықты өтті!



Қыркүйек айының 16-шы жұлдызы,біздің мектебімізде Қазақстан Республикасы тілдер күні аясында және Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай өткізілген онкүндіктің жабылу салтанаты өтті.Жиын барысында мектеп директоры Рауза Смағұлова сөз сөйлеп,онкүндікте өткізілген іс-шараларға қатынасып, белсенділік танытқан оқушыларды марапаттады.



Біздің мектеп І.Есенберлин атындағы мұражаймен біздің мектеп тығыз байланыста жұмыс істейді,әрдайым бірігіп іс-шаралар өткізіледі. Токтыбаева Г.Р. өзінің сыныбы 8 «А»оқушыларымен И.Есенберлин атындағы мұражайға барып «Тіл -достықтың алтын көпірі»деген айдармен тәрбие сағатын өткізді.Оқушылар әр түрлі ойындарға қатысу арқылы өздерінің үш тілді қаншалықты меңгергендерін көрсетті.Мұражай қызметкерлері де қызықты видео материалдарды оқушылардың назарына ұсынды.Оқушыларға өте ұнады.






Қаңтар айының аяқ кезінде қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің апталығы басталды. Гүлім Рымхановна: Қазақ тілі апталығының жоспары бойынша қаңтардың 26-і күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тоқтыбаева Г.Р 8"а" сыныбында М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамал" романы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақ өте қызықты, жоғары деңгейде өтті. Сабақ барысында оқушылардың шығарма желісіне деген қызығушылықтары байқалды.





25-қараша қазақ тілі мен әдебиеті апталығының аясында, біздің 8 жалпы орта білім беретін мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қазымбек Индира Қуанышбайқызы «Нәтижеге бағытталған тәжірибе» атты жас мамандарға арналған коучинг өткізді.

Коучингтің мақсаты: Заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу. Коучингке аудан мектептерінің жас мамандары қатынасып, берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындады. Әр тапсырма орындалғаннан кейін кері байланыс жасалды. Жеке, топтық және жұптық жұмыс түрлері өз ретімен байланыс тауып отырды. Коучинг соңында бейнеролик көрсетілді. Коучингке қатысқан жас ұстаздар жақсы көңіл-күймен тарады.





Қантардың 25-і күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Қазымбек И.Қ 9"а"сыныбында І.Жансүгіровтің "Құлагер" поэмасы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақ өте қызықты, жоғары деңгейде өтті. Сабақ барысында оқушылар поэманы өмірмен байланыстыра отырып, мазмұнын ашып, ауызша және жазбаша сыни тұрғыда талдау жасады. Сабақ өте қызықты өтті.



Бір аптаға созылған қазақ тілі апталығы аяқталды. Апталықтың жабылу салтанатында қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері ақиық ақын Мұқағали Мұқатаевтың мерейтойына орай «Қазақ поэзиясының Хан тәңірі» атты мәнерлеп оқу саысы өтті. Сайысымыздың шымылдығын мектебіміздің домбырашыларының орындауындағы Бораһ Әбеновтың «Желдірме» күйімен ашылды. Бір ғасырда бір ғана дүниеге келетін, қазақ поэзиясының хас таланты, заманымыздың заңғар ақыны, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері-Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында өткізіліп отырған аталмыш сайыста 5-11 сынып оқушылары ақын атамның өлеңдерін нақшына келтіріп оқыды. Мұқағали жырлары тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін жырлар, оның әндері де тындаушысын ешқашан жалықтырмайды.


«Пай, пай, өмір, Өтесің - ау бір күні,

Тиясың-ау, Қуанышты күлкіні.

Өмір деген-бір жарқ еткен найзағай,

Өмір деген - көк аспанның күркірі.

Өтесің - ау бір күні»-деп жырлап өткен Мұқағали-ұлт мақтанышы. Ақын атамның шығармашылығынан сыр шертетін сайыста мәнерлеп оқу шеберлерінің ішінен хас жүйріктер анықталып, оза шапқандар жүлделі орындармен марапатталды.







Сонымен қатар оқушыларымыз біраз байқауға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ 11 «А» сынып оқушысы Есенбек Мадина «Қазақ халқының отбасылық құндылықтары мен әдет - ғұрыптары» облыстық эссе байқауында 1-орынды иеленді.

10 «А» сынып оқушысы Азаова Альбина аудандық «Жарқын болашақ» аудандық байқауының жас ғалым номинациясы бойынша гран-при жеңіп алса, осы байқаудың «Сөзшеберлері» номинациясы бойынша **Бас жүлдеге** ие болды. Амангельді Амина 11 «Ә» сынып оқушысы «Жарқын болашақ» аудандық байқауының «Тілші әдебиетші» номинациясына қатысып 1-орынға ие болды және осы байқаудың «Жазушылар» номинациясына қатысқан 10 «Ә» Кадырова Аяулым да 1-орын алды. Біздің оқушыларымыз Республикалық көлемде де өз білімдерін дәлелдеп үлкен жетістіктерге жетуде. Атап айтсақ: «Тәуелсіздік киелі ұғым» атты республикалық байқауға Азатова Альбина мен Асылбек Нұрай эссе жазудан жүлделі орынға ие болды және Тәуелсіздіктің 30-жылдығына арналған кітапқа оқушыларымыздың аттары енгізілді. Бұл үлкен жетістік. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының балалар Жылына арналған «Тіл Дарыны» аудандық байқауында 1-орынға ие болған жоғары сынып оқушылары Батыр Қарақат пен Ғазез Гүлзада білім бөлімі тарапынан марапатталды.

Сәуір айында аудан көлемінде қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша өте көп байқаулар өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Абай мен Махамбет оқыларына» мектебіміздің бетке ұстар оқушылары Азаматқызы Мадина, Бекасыл Ифатбанугуль қатысып өте жақсы нәтиже көрсетті, өкінішке орай жас ерекшеліктеріне байланысты оларға жүлделі орын берілмеді, бірақ білім бөлімі тарапынан оқушылар марапатталды.

Осы оқу жылында І. Есенберлиннің 108 жылдық мерей тойына арналған «Көңіл-дастан» атты жатқа оқу челленджінің ұйымдастырылды. Челленджді Атбасар қаласының №8 орта мектебі, Ақтөбе



қаласының І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебінен қабылдап алып, Астана қаласындағы осы іс-шараға ұйытқы болған І.Есенберлин атындағы №67 гимназиясына жолдадық

І.Есенберлин мұражайында өткен «Есенберлин оқулары» байқауында ақын өлеңдерін оқу номинациясы бойынша 8-мектептен Асаубай Шыңғысхан 8 орын, 50 баланың ішінен, Жазушылар номинациясы бойынша, 8-мектептен Азат Альбина-4 орын 87 74 қатысушының ішінен көзге көрініп, жүлделі орындарға ие болды.

: Қаңтар айының 24-і күні 9-11 сынып оқушылары арасында "Ана тілім-байлығым" атты эссе сайысы өтті. Сайыс қортындысы бойынша: Бекмырза Ақерке 11 "а", Кенжегузина Дильназ 11 "Ә", Иманәлі Жанель 10 "а", Токмурза Ақтілеу I-орын. Нұрханова Айдана 11 "а", Амангелді Амина 11 "ә"

Аблақ Гүлсезім 10 "ә", Жаксылыковна Эльмира 9 "ә" II-орынға ие болды

Қаңтар айының 26-ы күні жас мұғалімдер арасында "Ой мен ойын" атты сайыс өтті. Сайыстың мақсаты: ұжымда ауызбіршілік, ынтымақ қалыптастыру.

Сайыс пікірталас, сұрақ-жауап түрінде өтті.

Осы жылда өте көп шәкірттеріміз көп жүлделі орындарға ие болды